ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 маусым №7119-25-00-2/5101 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Хасанова,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің "№1 көпбейінді қалалық ауруханa" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"ЗАРУ - МЕД ФАРМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«ЗАРУ - МЕД ФАРМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Астана қаласы әкімдігінің "№1 көпбейінді қалалық ауруханa" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 3 700 (үш мың жеті жүз) теңге тұрақсыздық айыбы, 111 (бір жүз он бір) тенге мемлекеттік баж шығындары өндірілсін.

«ЗАРУ - МЕД ФАРМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЗАРУ - МЕД ФАРМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 10.06.2025
Дата вступления в законную силу: 18.07.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 28.07.2025
7119-25-3-1/5047

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Хасанова Э.Е.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 10.06.2025

Дата вступления в законную силу: 18.07.2025, судья Ебенбаева Э. Е., 28.07.2025

7119-25-3-1/5047